

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ»
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БӨЙТЕРЕК АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
2001 ж. «13» қаңтар
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУДЕН АУТА ӨТКІЗІЛІП
№ 353 - 0936-04-0000
1997 ж. «16» сәуірі

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ»
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БӨЙТЕРЕК АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
940940000835 БСН

2021 жылғы «5» сәуірі № 1

Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген



«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының Тасқала ауданы білім беру
бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жарғысы

Тасқала ауылы

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме.

1.3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі болып табылады.

1.4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімі» болып табылады.

1.5. Мемлекеттік мекеменің атауы

мемлекеттік тілде: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Школа-лицей «Сәулет» отдела образования Таскалинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области»

1.6. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: 091000, Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Құрманғалиев көш, 5 үй.

2-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

2.2. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

2.3. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиярлық жауапты болады.

2.4. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне сәйкес оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау; білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру.

3.2. Мемлекеттік мекеменің мақсаты:

3.2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген азаматтардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленген тегін орта білім алу құқығын жүзеге асыру;

3.2.2. білім беру бағдарламалары бойынша сапалы білім алуын қамтамасыз ету;

3.2.3. терең және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға және игеруге дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениеті жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

3.2.4. оқушыларды кәсіби мамандыққа бағытталған бағдарлы пәндер бойынша дайындау.

3.3. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: негізгі орта және жалпы орта білім беру.

Мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

3.3.1. ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

3.3.2. жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамытуға жағдай жасау арқылы интеллекті байыту;

3.3.3. азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отанына, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, кез-келген Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

3.3.4. белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы қарауына тәрбиелеу.

3.3.5. ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру; қазақ және республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

3.3.6. педагог қызметкерлердің әлеуметтік жағдайының жақсаруын қамтамасыз ету

3.3.7. қоғам мен экономика қажеттіліктерін ескеріп білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

3.3.8. қашықтықтан оқытуды, ақпараттық - коммуникативті технологияны қоса алғанда, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

3.3.9. жалпы білім беруді, өндірістегі оқытуды және еңбек нарығының қажеттіліктерін байланыстыратын және білім мен құзыреттілікке негізделген

әркімнің қоғамдағы жеке әлеуетін барынша арттыруға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

3.3.10. оқушыларға кәсіби мотивация беру;

3.3.11. кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға және дамытуға дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениеті жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

3.3.12. қабілеті жоғары оқушылардың жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы игеруіне оңтайлы жағдай жасау;

3.3.13. оқушыларды кәсіптік бағдарлы пәндерге оқыту.

3.4. Мемлекеттік мекеме базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдардың, жаңа типтегі білім беру ұйымдарының модельдерін, құрылымын, мазмұнын және білім беру қызметін ұйымдастыру формаларын эксперименттік тестілеу өткізіледі.

3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы жарғыға сәйкес келесі ақылы білім беру қызметтерін ұсыну:

3.5.1. қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

3.5.2. арнаулы курстар және пәндер бойынша білім беру;

3.5.3. жеке оқушылармен оқу жоспарына сәйкес сағат санынан артық пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу;

3.5.4. қосымша пәндерді тереңдетіп оқыту (білім беру мемлекеттік стандарт бағдарламаларынан тыс)

3.5.5. ақысыз білім беру қызметтерінің кепілдендірілген көлеміне кірмейтін басқа білім беру қызметтері.

3.6. Негізгі қызметтің орнына ақылы қызметтерді көрсету мүмкін емес.

Мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтеріне бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

3.7. Негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп-лицей мынадай құқықтарға ие:

3.7.1. мемлекеттік білім беру стандарты талабына сәйкес өздігімен білім беру бағдарламасын жасауға, қабылдауға, жүзеге асыруға;

3.7.2. өздігімен жылдық оқу жоспарын, мектеп-лицей жұмыс кестесін, оқу кестесін жасауға және бекітуге;

3.7.3. оқыту мен білім берудің формасын, құралын және оқыту әдісін, оқу құралдары мен оқулықтарды таңдауға;

3.7.4. оқушыларды бағалау жүйесін, әдісін, оқушыларды аттестациялаудың тәртібі мен мерзімін таңдауға;

3.7.5. білім алушылар, тәрбиеленушілер контингентін білім беру қызметінің лицензиясы бойынша ұйымдастыруға;

3.7.6. мектеп-лицей басқару құрылымын бекітуге, штат кестесін, лауазымдық міндеттіліктерді бөлуге;

3.7.7. жарғы қызметінің іске асуына қосымша қаражат көзі мен материалдық қаржыны қатыстыруға;

3.7.8. мемлекеттік мекеме жұмысшыларына лауазымдық қызметі мен қосымша ақы 10-30% көлемінде тағайындауға, сыйақының тәртібі мен мөлшерін бекітуге;

3.7.9. Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін және мектеп-лицей Жарғысында тыйым салынбаған қосымша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;

3.7.10. басқа да мемлекеттік мекеме ұйымдарымен тікелей байланыс орнату;

3.7.11. Дамытушылық білім берудің жаңа мазмұнын іздеу және жасау, оны жүзеге асырудың формалары мен әдістерін, эксперименталды оқу жоспарларын, бағдарламаларын және факультативтік курстарды апробациялау. Оқу үрдісін ұйымдастыру, басқару осы жарғы негізінде жүзеге асады.

3.8. Лицейлік компонент қамтамасыз етіледі:

3.8.1. лицейдің оқыту профилін жеке таңдауымен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолданылады;

3.8.2. лицейдің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған жаңа оқу жоспарларымен, мамандандырылған пәндер енгізіледі.

3.9. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 бірлікте, сондай-ақ шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және таңдау курстар топтарда 10-нан кем емес адам болғанда жүргізіледі.

3.10. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбие беру жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі, сонымен қатар шет тілі ретінде орыс және ағылшын тілдері оқытылады.

Оқу жоспарының вариативті бөлігі қамтамасыз етіледі:

3.10.1. жеке таңдаумен, жеке даму бағдарламасы, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану;

3.10.2. мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған пәндерді дамытатын жаңа оқу жоспарларын енгізу;

3.10.3. оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыта отырып, өмірді танудың әмбебап тәсілдерін игеруге бағытталған жеке тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын пәндер мен курстарды енгізу.

3.12. Мемлекеттік мекеменің құрылымы:

3.12.1. әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

3.12.2. әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті, сыныптың ата-аналар комитеті, пәндік әдістемелік бірлестіктер.

3.12.3. сынып, топ – мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі.

3.13. Мемлекеттік мекемеде мектеп жанындағы интернаты бар, оның жұмыс тәртібін директор бекітеді.

3.13.1. Интернатта мектеп-лицейге қабылданған аудан орталығында тұрмайтын оқушылар тәрбиеленеді.

3.13.2. Медициналық персонал балалардың денсаулығын жақсарту бойынша профилактикалық іс-шараларын жүргізеді, мектеп-интернаттың санитарлық-

гигиеналық жағдайы мен тамақтануын бақылауды қамтамасыз етеді, балалардың болуын ескере отырып, гигиеналық негізделген жұмыс кестесін ұйымдастырады.

3.13.3. Оқытудың, еңбектің және демалудың үйлесімін қамтамасыз ететін күнделікті тәртібі, мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің тәулік бойы болуын ескере отырып жасалады.

3.13.4. Мектеп жанындағы интернаттың жылдық жұмыс жоспары интернат тәрбиешілерін және мекеменің басқа құрылымдарының жұмысын қадағалап отыратын, мектеп жоспарына үйлесімді түрде енеді. Мектеп жанындағы интернат жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспары бойынша жүреді.

3.14. Оқушыларды мектепке қабылдау тәртібі:

3.14.1 Мемлекеттік мекемеге балалар 5-сыныптан бастап тұрақты мекен-жайына қарамастан аудан оқушылары қабылданады;

3.14.2 Мемлекеттік мекеме сыныптарына оқушылар байқау нәтижелері негізінде қабылдау емтиханы арқылы қабылданады. Қабылдау емтиханы математика, оқытылу тілі (қазақ тілі), бойынша өткізіледі және дайындық деңгейін анықтау үшін қосымша тестілеу жүргізіледі;

3.14.3 Мемлекеттік мекемеге қабылдауды ұйымдастыру үшін мектеп директорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады;

3.14.4 Мемлекеттік мекемеге қабылдау емтихан нәтижелері мен баланың денсаулығы жөніндегі медициналық қорытынды негізінде жүргізіледі;

3.14.5 Мемлекеттік мекеме сыныптарын жинақтау объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады

3.14.6 5-11 сыныптарға бос орындарға қабылдау оқу жылы бойы ата-аналардың өтініші бойынша конкурстық негізде қабылдау емтихандары арқылы бейініне байланысты жүзеге асырылады.

3.15 Оқушыларды мемлекеттік мекемеден шығару тәртібі:

Оқушыларды мектеп-лицейден шығару төмендегі жағдайларда мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады:

3.15.1. Ата-анасының (занды өкілдерінің) тілегі бойынша басқа оқу орындарында немесе оқудың басқа нысанында білімін жалғастыруы;

3.15.2. Мемлекеттік мекеме деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының орындалмауы, педконсилиумнің оқушының бейіндік оқытудағы қабілетсіздігін анықтауы;

3.15.3. Жетім, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады;

3.15.4. Оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшіру, оқудан шығару (II сатыдан кейін) оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша лицей кеңесінің (педкеңес) шешімімен жүзеге асырылады. Егер оқушы тоқсандық және жылдық қорытындылар бойынша үш пәннен «3» (қанағаттанарлық) деп бағаланса, педагогикалық кеңес шешімімен тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектепке ауысады.

3.15.5. негізгі мектепті бітіргені туралы аттестатында "3" (қанағаттанарлық) белгісі бар негізгі мектептің (9-сынып) түлектері тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектепке ауысады.

Ниет білдірушілер 10-сыныбына қабылдау туралы өтініш жазады және жалпы негізде емтихан тапсырады.

3.15.6. 9, 10, 11 сыныптардың профильді пәндер бойынша облыстық олимпиадаларының жүлдегерлері, ғылыми жобалардың, облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегерлері конкурстан тыс қабылданады.

3.16. Мемлекеттік мекеме мен ата-аналардың (олардың орнындағы тұлғалармен) қатынастарын реттейтін келісім-шарт жасалынады.

3.17. Білім беру деңгейлері:

3.17.1. негізгі орта білім (5 - 9 сыныптар) білім мазмұнын жаңартуға бағытталған негізгі әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, күрделі танымдық процестерге көшудің арнайы дағдыларын қалыптастырады; жалпы дамытушылық және арнайы курстарды таңдауды қамтамасыз етеді, оқушыларға жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік туғызады. Азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, кез-келген конституциялық және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру. Негізгі орта білім орта жалпы білім алудың негізі болып табылады. Әр пәннің мазмұнын зерттеу негізгі орта білім деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 5 жыл.

3.17.2 жалпы орта білім беру (10 - 11 сыныптар) оқушының танымға және шығармашылық қабілеттеріне қызығушылықты дамытуды, оқуды саралау негізінде өзіндік білім беру іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерден басқа, жеке тұлғаның қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, яғни жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандандырылған дайындықты жүзеге асыру үшін пәндер оқушылардың өз қалауы бойынша енгізіледі. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 2 жыл.

3.18 Мемлекеттік мекеме оқу жоспарының вариативті бөлігін мемлекеттік мекеме ғимаратының сыртында (мәдени мекемелер, спорт ғимараттары, әскери ғимараттар, ғылыми зертханалар, өндірістік кәсіпорындар, қосымша білім беру ұйымдары және т.б.) бірнеше сағат өткізуге құқылы.

3.19 Тиісті контингентті көрсететін сыныптар жиынтығы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Мемлекеттік мекеменің басшысы сыныптардың жиынтығын құруда дербес жауап береді. Сыныптардағы оқушылардың саны қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелеріне сәйкес, осы білім беру ұйымына тікелей бөлінген бюджеттік қаражатты ескере отырып, санитарлық нормалар сақталған жағдайда белгіленеді.

3.20 Сыныптар пәндерді оқытуда 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін, олардың тізімі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалады, оларда оқушы саны кемінде 20 құраған жағдайда. Егер оқу жылы барысында оқушылар саны 20-дан кем болып қалса, онда келесі тоқсаннан бастап топқа бөлінбейді. Жарғының осы тармағы бюджеттің мүмкіндіктері ескерілген.

3.21 Оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оқу апталар мен каникулдар санын қоса алғанда, білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес анықталады.

3.22 Мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс пен сабақтар режимі белгіленуі мүмкін: сабақ басталуы - 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, түстен кейін оқу жоспарының вариативті бөлігіндегі сағаттар - 15:30-да (16:00-де) басталады. Сабақ кестесі мекеменің директоры немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді. Сабақ кестесінде сабақтардың күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сонымен қатар сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Сабақ кестесі қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерімен реттеледі. Сабақтар кестесі эпидемиологиялық жағдайға сәйкес уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шаралары негізінде өзгеруі мүмкін.

3.23 Сабақ арасындағы үзіліс кезеңінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мектеп асханасында ата-аналар мен жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырады.

3.24 Мемлекеттік мекемедегі тәртіп оқушылардың, тәрбиеленушілердің және мұғалімдердің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде қолдау көрсетіледі. Оқушыларға қатысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

3.25 Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық көмекті әкімшілік пен оқытушылық құраммен бірге оқушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, медициналық іс-шаралардың жүргізілуіне және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауапты медбике көрсетеді.

3.25.1 медициналық көмекті жергілікті денсаулық сақтау органдары көрсетеді (емхана). Оқушылар график бойынша медициналық тексерістен өтеді.

3.26 Мектеп формасын сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамаларына негізделеді.

3.26.1 оны кию тәртібі мен стилі ата-аналар комитеті немесе қамқоршылар кеңесінің келісімімен мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.26.2 мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына сәйкес келуі керек.

3.26.3 киім заттарын, оның ішінде бас киім мен әртүрлі конфессиялардың діни ұстанымдарының атрибуттарын мектеп формасына енгізуге жол берілмейді.

3.27 Мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың жұмысына жол берілмейді.

3.28 Оқушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын стандартты ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3.29 Қорытынды аттестаттаудан өткен түлектерге мемлекеттік білім беру туралы мемлекеттік мекеменің мөрімен куәландырылған құжат беріледі.

3.30 Тәрбиеленушілерді мектеп жанындағы интернаттан шығару ай сайынғы төлем уақтылы төленбеген, баланы дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі.

3.31 Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылар: оқушылар, мұғалімдер, оқушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар).

3.31.1 Оқушылардың құқығы:

- 1) ақысыз жалпы орта білім алуға;
- 2) әр түрлі қызметтегі ерекше жетістіктері үшін марапатталуға;
- 3) медициналық көмекке;
- 4) кітапхана қорын ақысыз пайдалану;
- 5) қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеу, ар-ождан және ақпарат бостандығы, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіру.

3.31.2 Оқушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік мекеменің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- 2) мектеп оқушысының мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, ата-аналарымен бірге оның құнын қалпына келтіреді және өтейді, адал ниетпен оқуға және мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;
- 3) басқа оқушылар мен оқу орнының қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 4) мемлекеттік мекеме көрсеткен мектеп формасын киюге құқылы.

3.31.3 Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері құқылы:

- 1) мемлекеттік мекеменің берілген мүмкіндіктер шеңберінде баланың тілектерін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып оқу формасын таңдау;
- 2) қамқоршылар кеңесі немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу шарттары туралы ақпарат алуға;
- 4) балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер алуға;

3.31.4 Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер міндеттері:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін, олардың интеллектуалды және дене күшінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету үшін сау және қауіпсіз жағдайлар жасау;

- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған ережелерді сақтауға;
- 3) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету;
- 4) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға.

6) мемлекеттік мекеме белгілеген киім үлгісін сақтауға;

3.32 Мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

Директор жауап береді:

3.30 Тәрбиеленушілерді мектеп жанындағы интернаттан шығару ай сайынғы төлем уақтылы төленбеген, баланы дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі.

3.31 Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылар: оқушылар, мұғалімдер, оқушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар).

3.31.1 Оқушылардың құқығы:

- 1) ақысыз жалпы орта білім алуға;
- 2) әр түрлі қызметтегі ерекше жетістіктері үшін марапатталуға;
- 3) медициналық көмекке;
- 4) кітапхана қорын ақысыз пайдалану;
- 5) қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеу, ар-ождан және ақпарат бостандығы, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіру.

3.31.2 Оқушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік мекеменің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- 2) мектеп оқушысының мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, ата-аналарымен бірге оның құнын қалпына келтіреді және өтейді, адал ниетпен оқуға және мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

3) басқа оқушылар мен оқу орнының қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- 4) мемлекеттік мекеме көрсеткен мектеп формасын киюге құқылы.

3.31.3 Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері құқылы:

- 1) мемлекеттік мекеменің берілген мүмкіндіктер шеңберінде баланың тілектерін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып оқу формасын таңдау;

2) қамқоршылар кеңесі немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуға;

- 3) балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу шарттары туралы ақпарат алуға;

- 4) балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер алуға;

3.31.4 Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер міндеттері:

- 1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін, олардың интеллектуалды және дене күшінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету үшін сау және қауіпсіз жағдайлар жасау;

- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған ережелерді сақтауға;

- 3) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету;

- 4) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға.

- 6) мемлекеттік мекеме белгілеген киім үлгісін сақтауға;

3.32 Мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

Директор жауап береді:

3.32.1 мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, білім беру бағдарламаларын оқу жоспары мен оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес жүзеге асырғаны үшін, білім алушылардың білім сапасы, өмірі мен денсаулығы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру үдерісі кезінде мемлекеттік мекеме оқушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін ;

3.32.2 лауазымдық нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді, басқару органдарының нормативтік актілерін, бұйрықтарын дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

3.32.3 білім алушының жеке басына қарсы физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты, сондай-ақ кез-келген басқа азғындық әрекеттерді жасаумен байланысты бір реттік білім беру әдістерін қолданғаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін;

3.32.4 өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, оқу процесін ұйымдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

3.33 Тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға педагогикалық қызметпен айналысуға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік мекемеде жұмыс істеуге жіберілмейді:

3.33.1 медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

3.33.2 психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған;

3.33.3 соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес мұғалімнің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

3.33.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз танылған;

3.33.5 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде.

3.34 Жұмысқа қабылдау кезінде директор тиісті бос мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуы керек. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Азаматтарды педагогикалық қызметке қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор жеке жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазымға немесе қызмет түріне арналған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

3.35 Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

3.36 Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен, немесе мемлекеттік

мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3.37 Білімді ағымдағы бақылау мен оқушылардың аралық аттестациялары, оларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

3.38 Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

3.39 Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.

3.40 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

4-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІ БАСҚАРУ

4.1 Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі атқарады.

4.2 Мемлекеттік мекеме басшысын Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4.3 Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

4.4 Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4.5 Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

4.5.1 мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4.5.2 мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

4.5.3 шарттар жасайды;

4.5.4 сенімхаттар береді;

4.5.5 мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

4.5.6 банк шоттарын ашады;

4.5.7 барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4.5.8 мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4.5.9 мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

4.5.10 өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

4.5.11 білім беру ұйымындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және алдын-алу шараларын қабылдауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

4.5.12 оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімі» жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.6 Мемлекеттік мекеменің алқалы басқару нысандары - педагогикалық кеңес, оқу-әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңесі. Алқалы басқару нысандарының қызметі Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамасы тәртібімен анықталады.

5-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ МҮЛКІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

5.1 Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

5.1.1 оған меншік иесі берген мүлік;

5.1.2 өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

5.1.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржық өздері себінен құрылады.

5.2 Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

5.3 Мемлекеттік мекеменің қызметі Батыс Қазақстан облысының бюджетінен қаржыландырылады

5.4 Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады. Мемлекеттік мекеменің есебі мен есептілігін мемлекеттік мекеменің басқару органы келесі барлық функцияларымен жүзеге асыра алады.

5.5 Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

6-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

6.1 Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-ТАРАУ. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

8-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ШАРТТАРЫ

8.1 Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі шешімімен жүргізіледі.

8.2 Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

8.3 Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы» мемлекеттік мекеме келісімі бойынша жүзеге асырады.

8.4 Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

8.5 Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

9.1. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Нөмірленген және тігілген

4 бастап

15 дейін бет

Беттер саны

13

